

Қ.С.Мүсілімова

Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті

Білім берудегі макдональдизация қазіргі кезеңнің тенденциясы ретінде

Білім беру тәжірибелеріне қатысты формалды рационалдықтың қазіргі заманғы типі ретіндегі макдональдандырудың негізгі параметрлері қарастырылды, оның негізгі ерекшеліктері талданды. Қазіргі заманғы қоғамның талаптарына макдональдандырудың негізіндегі білім берудің жекелеген тәжірибелерінің сәйкес келетіндігі туралы тұжырым негізделді, бірақ бұл жоғарғы білікті мамандарды дайындау деңгейіндегі дәстүрлі білім беру мен ғылыми мектептерді сақтау және дамыту жағдайында мүмкін болды.

Кілтті сөздер: білім беру, қоғам, мәдениет, әлеумет, адам, азаматтық қызмет, этникалық қызмет, жанаруы, өркениет.

Кең тұрғыда білім беру дегеніміз — бұл тұлғаның қалыптасуы, оның әлеуметтенуі және адамды қоғам өміріне дайындау. Білім қоғамның негізгі функциясы ретінде адам мен қоғамға байланысты мәдени, әлеуметтік, экономикалық, азаматтық және этикалық қызметтерді атқарады. Ол әрбір адам үшін, сонымен бірге әрбір қоғам үшін қажетті саланың бірі екендігін және де қоғамның кез келген саласы, оның ішінде экономика, әлеуметтік т.б. салалар мемлекеттің білім жүйесіне тәуелді. Білім жүйесінде ғасырлар бойы қалыптасқан нормаларды, тәжірибелерді, «ноу-хауларды» ұрпақтан ұрпаққа бере отырып, сонымен қатар жаңа да өзгерістерді қоғам талап етеді. Білім қоғамды алға қарай итермелейтін белгілі бір потенциалды қалыптастырады. Білім халықтардың өркениетті ерекшелігін тасымалдаушы және тарихи тұрақтылықты қамтамасыз етуші жүйе болып табылады.

Білім жүйесі қоғамның әлеуметтік құрылымына, қоғамдық қатынастарына, еңбек өнімділігіне, өндіріске және басқа іс-қызметтің тиімділігіне әсерін, жеке адамды тұлғаға айналдырудағы интеллектуалды, білім процесінің ролін, адамның табиғат және қоғам туралы білімді, озық тәжірибені игеріп, бойына сіңіріп, оның үйлесімді дамуын, білім деңгейінің қызметке, жұмысқа тәртіпке әсерін, адамдардың ғылыми көзқарасының қалыптасуын, адамның қоғамдағы әлеуметтік жағдайының өзгеруін т.б. талдап көрсетеді.

Адам құқықтарының жалпыға ортақ декларациясында көрсетілгендей, білім — адамның негізгі құқығының бірі және ол көптеген елдердің конституциясында анықталып, кепілдік берілген [1].

Адамзат қоғамы қалыптасқан кезден бастап, білім әр түрлі формада әр кезеңде дами отырып, қазіргі кезеңдегі сипатқа ие болды. Әрбір кезең, әрбір өркениет, әрбір әлеуметтік-экономикалық жүйе білімнің міндеті мен оның мазмұнында қандайда бір із қалдырып отырды. Білімнің қандай түрі болмасын (классикалық немесе макдональдизациялық білім жүйесі) ол өзінің фундаменталды функциясын, яғни тұлғаны қалыптастыру, оның әлеуметтену процесі және қоғам өміріне дайындау, ұзақ ғасырлар бойы жинақталған білім мен тәжірибені ұрпақтан ұрпаққа беру т.б. қызметін жойған жоқ.

Адам қоғамы қазіргі нарықтық жағдайда еңбекті, қызметті, жұмысты табысты әрі тиімді жүргізуі үшін жан-жақты, терең білімді, мамандандырылған, білгір адамдарды қажет етеді. Сондықтан оқу-ағарту, білім беру саласына қоғамда ерекше көңіл аударылып отыр.

Бұрынғы КСРО-да, оның ішінде одақтас республикаларда бұл игілікті істі жүргізіп, дамыту тек қана экономика саласын дамытудан қалған қаржыны білім беру, мәдени салаларға көшіру арқылы жүзеге асырылған. Осыған байланысты, практика дәлелдегендей, халықтың рухани дамуы төмендеп, қоғамның дамуына үлкен кедергілер келтірді [2].

Екінші дүниежүзілік соғыс біткеннен кейін АҚШ пен Жапония қоғамды дамытудың екі жолын тандап алды. АҚШ-та «капиталды техникаға жұмсау» жолы тандап алынса, яғни бұл техниканы, техникалық паркті жаңарту, басқаша айтсақ, *модернизация* — технологияны жаңарту; ал Жапония «капиталды адамға жұмсау» жолын ұстанды. Бұнда адамның шығармашылық және кәсіби қабілетін дамытуға зор көңіл бөлінді. Әрине, «қаржыны адамға салу» өзінің артықшылығын көрсетті. Оны бүгінгі жапон қоғамының дамуынан көруге болады.

Еуропаның көптеген елдерінде, әсіресе Германиядағы білім беру жүйесін зерттеуде *жаңа бағыттар*, әлеуметтік педагогика мен антропософия сияқты бағыттар дамыды. Сол сияқты «табиғи

тәрбие» идеясының негізінде қалыптасқан бағыт «жаңа мектеп» деп аталды. «Жаңа мектеп» баланың өміріндегі отбасын, құндылықты және қызығушылық әлеміне үлкен мән берді [3; 42]. Дегенмен бұл бағыттардың барлығы білім беру жүйесінде белгілі бір орын ала алмады. Батыс әлеуметтануында білім беру жүйе ретіндегі проблема XX ғасырдың ортасынан бастап кең етек ала бастады. Т.Парсонс, Е.Хоппер, Ф.Кумбс, М.Арчер, тағы басқалар білім берудің ішкі құрылымын, қоғам жүйесіндегі білімнің ролі және де тұтастық ретіндегі оның динамикасына өз еңбектерінде үлкен мән берді. Ал, біздің елімізде білім беру жүйе ретіндегі проблемаға көпке дейін мән берілмеді. XX ғасырдың 90-шы жылдарына дейін басқарушылар мен зерттеушілерді кеңестік білім беру жүйесі қанағаттандырған болатын. Міне, сондықтан білім беру жүйесіндегі теоретикалық ақпараттың болмауы, оның дефициттілігі білім берудегі дағдарысқа алып келді. Жалпы, зерттеушілердің пікірінше, білім беру жүйесіндегі дағдарыс XX ғасырдың 60-шы жылдарынан басталған. Кеңес үкіметінің басшылары Жердің жасанды спутнигінің алғашқы рет космосқа ұшырылуын, білім берудің дамуының шарықтау шегі және кеңестік одақтың әлемдік жүйе алдындағы тәжірибесін көрсетеді деп қарап, білімге көңіл аударылмады. Бұл құбылыс Батыс қоғамы үшін, әсіресе АҚШ үшін шок болып табылды. Сол кезде бүкіл әлем КСРО-ның ғылым мен техника саласында ең дамыған капиталистік елдерді басып озғандығының куәсі болды. Бұл кеңестік білім беру жүйесінің алда екендігінің тағы да бір дәлелдеді.

Ал Америка болса, осы кезден бастап «Ұлтты қорғау мақсатында білім беру туралы заңды» («Закон об образовании в интересах национальной обороны») қабылдады. Бұл Заң бойынша білімге және оған кететін қажетті қаржы көлемін бекіту қарастырылды. Сол кезеңдегі Америка Президенті Дж. Кеннедидің бастамасы бойынша, американдық университеттердің саны екі есе көбейді. XX ғасырдың 80-шы жылдарының аяғында АҚШ-та білім беру жүйесін дамытуға ұлттық табыстың — 6,7%, ал Жапонияда 5,7% жұмсалды. КСРО-дағы білім беруге келетін болсақ, мемлекеттік бюджеттен білім беруге қанша шығын бөлінді десек, XX-шы ғасырдың 20-шы жж. — 12,5%, 1965–1980-ші жж. 15–17%-ке көтерілген, 1980-ші жж. 12% болса, ал одан кейін күрт төмендегенін байқауға болады. 1992-ші жылдары — 5,8%, 1993-ші ж. — 4,4 [3; 263].

Сол сияқты білім берудің стратегиясының күрделі қателіктері болған. КСРО-да 60–80-шы жылдары аралығында кәсіби-техникалық училищелерде жұмысшылар мамандығын дайындау 2,5% есе өссе, жоғарғы білімді мамандарды даярлау 1,3%-ке ғана өскендігін сол кезеңдегі мәліметтерден көруге болады. Әлемдік тәжірибе көрсеткендей, экономиканың дамуына, еңбектің өсуіне бірден-бір әсер ететін фактор — білім деңгейі, яғни жоғарғы білімді мамандарды дайындау болып табылады.

Р.Коллинз (1971, 1974) «Америкада білім жүйесінің кеңейтілуі, кәсіби жоғарғы білімді мамандарға қажеттіліктен ғана емес, әсіресе әр түрлі «мәртебелі топтардың» байлық, билік және атақ үшін күресуінен туындайды» деген. Коллинздің бұл қағидасымен де келісуге болады.

Кез келген елдің білім беруінің ұлттық жүйесі халықаралық еңбек нарығының ішкі және сыртқы талаптарының деңгейінде бәсекеге тұрақты кадрларды дайындауға кепілдік беруі тиіс. Қазіргі уақыт талаптарына барабар сапалы білім жүйесін құрудың маңызды жағдайларының бірі — білім берудің барлық сатыларын жоғарғы білікті мамандармен қамтамасыз ету.

Қазақстанның білім беру жүйесінің ұлттық моделі мазмұнындағы моноуроцентристік дүниетанымды жеңу жөнінде орасан зор жұмыстар жүргізілуде.

Еліміздің Президентінің Қазақстан халқына жолдауында: «Ұлттық бәсеке ең алдымен білімділік деңгейімен анықталады. Әлемдік білім кеңістігіне толық кіру білім берудің ұлттық жүйесін халықаралық деңгейге көтеруді талап етеді...», — деген болатын [4].

Еліміздің нарықтық шаруашылық әдістеріне өтуі, жеке сектордың дамуы, еңбек нарығының қалыптасуы, экономиканың қайта құрылуы, ашық демократиялық мемлекеттің құрылуы, қазақ ұлтшылдығының қайта жаңғыруы, әлемдік экономикалық кеңістікке бірігуі білім жүйесі мен кадрларды дайындау, елдің экономикасын көтерудегі білім жүйесінің орнын анықтау сияқты негізгі бағыттарын қайта ойластыруды талап етті.

Қазақстандағы білім беру жүйесінің тарихи-кеңестік білім беру моделі аумағында дамыды. Осы орайда білім жүйесінің бір саласы кәсіптік білім берудегі оң жақтарды айта кетсек:

- халықтың көпшілік құрамының сол кезде қол жеткізе алатын оқу орны (мысалы, кәсіптік-техникалық училищелер әр аудандарда болды, совхоз-техникумдар, кәсіби техникумдар әр облыста болды);
- жұмысшылар мен орта техникалық звенолардағы мамандарды тәжірибе деңгейіндегі жоғарғы дайындыққа босатып отырды (негізгі кәсіпорындарға институттар бекітілген болатын);
- барлық кәсіби-білім беру бағдарламасының жоғарғы әдеби және әдістемелік нұсқаулармен қамтамасыз етілуі.

Ал қазіргі уақытта Қазақстанда құрылыс жабдықтармен қамтамасыз ету, оқу мекемелерін қажетті материалдармен қамтамасыз етуге бағытталған негізгі институттар жоқ. Сондықтан, білім беру мен ғылымның дамуы саяси және ұлтқа ортақ міндет болып тұр. Осыған байланысты мемлекеттік бағдарламаны жүзеге асыруда дайындық кезеңі өткізілді. Соңғы жылдары білім беру жүйесі мен ғылым жүйесінің мемлекеттік қаржыландыру деңгейі айтарлықтай өсті. Мысалға, ағымдағы жылда ол 192 млрд. құрайды, ал келесі жылға 250 млрд. өсіру жоспарланып отыр. Сонымен бірге білім берудің отандық жүйесі жаңа экономикалық жағдайларға бейімделуге қабілеті жоқ болды. Осыған орай білім беру жүйесінің бөлек сегменттеріне модернизациялау жүргізе отырып, осы мәселелерді шешуге тырысты. Барлық деңгейдегі оқу мекемелерінің өз бетімен өмір сүруі, яғни жекешеленуі, басталды, жаңа оқулықтар шыға бастады т.б.

Бірақ мұның барлығының оң жақтары болғанымен, мәселені түбірімен шешпеді, атап айтсақ: біріншіден, қабылданған шаралар білім беру жүйесінің сапасын арттырмады; екіншіден, жалпы орта білім жүйесі демографиялық процестерге әлсіз бейімделді. Өйткені ұзақ уақыт мектептер мен балабақшалар салынбағандықтан, оларға күш көптеп түсті; үшіншіден, отандық білім беру жүйесінің қабылданған қадамдары халықаралық білім беру жүйесіне бейімделуге әкелмеді. Кеңестік білім жүйесінде көптеген позитивті табыстар болғанмен, бұл жүйе әлемдік прогрессивті дамуды ескермеді. Осыған байланысты барлық деңгейдегі білім беру жүйесін мектепке дейінгі білім беру жүйесінен жоғары оқу орнына дейінгі және одан кейінгі жүйені қайта құру басталды.

Қазіргі кезде біздің қоғамымызда білім беру жүйесі дағдарыста. Бұл дағдарыстың болу себебі елдегі жүйенің басқа сапалы жүйеге ауысудағы қиындықтарға байланысты. Жаңа жүйе барлық салалардағы іс-қызметтің жаңа өндіріске, технологияға сәйкес жаңа түрін, әдісін, стилін, тәртібін, оқу-білімінің, ғылымның дамуын қажет етеді.

XXI ғасырда үздіксіз оқу, білім алу басқа өркениетті, дамыған елдердегідей біздің саясатымыздың басты қағидасы болып табылады. Сондықтан білім беру, оқу мәселелері қазіргі кезде өзінің актуалдылығымен ерекшеленеді.

Қоғамның әлеуметтік-экономикалық саласындағы өзгерістер қоғамдағы білім беру жүйесінің түбегейлі өзгерістеріне алып келуде. Қазақстан Республикасы Президентінің 10 қазан 2004 жылы бекіткен «2005–2010 жылдарға арналған Қазақстан Республикасындағы білімді дамытудың мемлекеттік бағдарламасына» сәйкес білім реформасы басталды. Республикада білімді реформалау екі кезеңде жүзеге асырылуда. Бірінші кезең — 2005–2007 жж., ал екінші — 2008–2010 жж. Реформаның мақсаты — Қазақстандағы білімді жаңа сапалық деңгейге көтеру, білімді дүние жүзіндегі дамыған елдердің білім беру стандарттарына жақындату [5; 3].

Қазіргі кезде әлемдік экономика жаңа сапалық деңгейге — білімге негізделген экономикаға өзгерген. Сондықтан кез келген мемлекеттің алдында тұрған мақсат өз қоғамына қажетті маман иелерін дайындау, оларға сапалы білім беру арқылы мемлекеттің даму деңгейін көтеру болып табылады.

Адам игілігі, оның қоғамдағы мәдени және рухани жағдайы, экономикалық, ғылыми-техникалық, саяси прогрессивті даму қарқыны білім деңгейі мен сапасына байланысты. Білім берудің қалыптасуы, қызмет етуі және дамуы объективті, заңды процесс болып табылады. Білім әр кезде объективті тұрғыда шындықты көрсете отырып, қоғамның алға қойған міндеттерін жүзеге асыруға ықпал етеді. Оның іс жүзінде жүзеге асырылуы белгілі бір субъективті факторларға байланысты, яғни білім беру жүйесінің қызметкерлерінің саналы, мақсатты іс-әрекеттері және білім саласын қоғам мен мемлекеттің алға қойған міндеттерін жүзеге асыру. Егер «білім беру» ұғымының этимологиясына келетін болсақ, ол «бейне» ұғымына сәйкес келеді екен және адамдардың қалыптасу әдісін ашып көрсететін процесс болып табылады. Сондықтан түсініктеме деңгейінде (на понятийном уровне) қандай бейне екендігін, оның қандай үлгіде және білім беру концепциясында өзін жүзеге асыратындығын әр кез анықтап отыруы қажет [5; 6].

Мұндай бағытта адамның білім алуын түсіндірудің бірнеше варианттарын көрсетуге болады. Мысалы, егер білім берудің мақсаты максималды тұрғыда біліммен қамтамасыз етілген адам болса, онда білім беру концепциясы максималды тұрғыдағы білім көлемінің жиынтығын көрсететін процесс ретінде көрінеді.

Ал, егер адамның бейнесі, идеясы оның творчестволық табиғатын сипаттайтын болса, онда білім беру концепциясының негізгі мақсаты адамдардың творчестволық тіршілік иесі ретіндегі қалыптасу процесін бейнелейді.

Айта кететін бір мәселе, білім берудің кез келген моделі және білім беруді түсіну қандайда бір бейнемен, әлеуметтік шындықпен анықталатын адамның идеясымен тығыз байланысты.

Қазіргі кездегі білім саласындағы жаңашылдық қоғамдық талаптан пайда болуда. Ол талап білім саласының демократизациялануын және де рационализациялануын тудырады. Сондықтан ХХІ ғасырдағы білім тек білім деңгейін ғана жоғары көтеру емес, сонымен қатар жан-жақты маманданған мамандарды, жаңа технологияны, адамға деген индивидуалды бағытты талап етеді. Бұл процестер қоғамда өздігінен пайда болған жоқ, оған жаһандану процесі әсер етуде. Бұл процесті американи социологы Дж.Ритцер «макдональдизация» ұғымы арқылы түсіндіреді. Бұл процесс ХІХ ғасырда неміс ғалымы Макс Вебер қарастырып кеткен рационалдылықтың жаңа типі болып табылады. Егер өз ғасырында М.Вебер рационалдылықты «әлеуметтік іс-әрекеттің» (сол дәуірдегі қоғамдық қызығушылықтың мәнін анықтайтын) қандайда бір үлгіге сәйкестілігі ретінде қарастырса, ал қазіргі кезеңдегі «макдональдизация» процесі де қоғам талабына сай пайда болған құбылыс [6]. Мысалы, өз кезеңінде М.Вебер әлеуметтік іс-әрекеттің рационалды тұрғыда болуын және рационалдылықтың қажеттілігін айтқан болатын. Ал қазіргі жаһандану кезеңінде макдональдизация процесінде бүгінгі күннің талабынан туындап отырған құбылыс.

Алғашқы рет бұл процесс әлеуметтік практикада дәмханаларда тез қызмет көрсету жүйесі, яғни MacDonalds, пайда болып тез қарқынмен бүкіл әлемге тарай бастады. Макдональдизация жаһандану процесінің негізгі символының бірі болып табылады. Қызмет көрсету саласындағы макдональдизация постиндустриалды қоғамның алғы шарттарының бірі екендігін білеміз. Бұл процесс минималды уақыт көлемінде негізгі қажеттіліктерді тиімді түрде жоғарғы сапалық деңгейде қанағаттандыруды қамтамасыз етеді. Сондықтанда дамыған қоғамдарда тек қызмет көрсету салаларында ғана (сфера обслуживания) макдональдизация процесі емес, сонымен қатар білім беру жүйесінде де бұл процесс кең тұрғыда дамуда.

Постиндустриалды қоғамның даму процесінде қоғамның басқа салалары сияқты білім жүйесіне де макдональдизация параметрлеріне жауап беретін талаптар қойылуда. Дж.Ритцер білім жүйесіндегі мынадай талаптарға тоқталады:

1) эффективтілік, яғни аз уақыттың ішінде қажетті ақпаратты меңгеру. Эффективтілік параметрі дегеніміз — білімді бақылаудағы стандартты формаларды енгізу, яғни тестілеу. Дж.Ритцердің пікірінше, стандартты тестілерді енгізу оқытушы еңбегін жеңілдетеді және студенттердің емтиханға дайындалу уақытын үнемдейді. Егер бұған дейін студенттер емтиханға дайындалу барысында көптеген мақалалар, монографиялар, оқулықтар, арнайы әдебиеттер оқып уақыт кетірсе, қазіргі кезде «мақоқулықтар» (мақучебники) студенттің емтиханға аз уақыт ішінде дайындалуына мүмкіндік береді;

2) калькуляция — макдональдизация процесінің келесі параметрі. Калькуляция дегеніміз — рейтинг түрінде қойылатын баға жүйесі. Мұны студенттер бірнеше жұмыс орындау арқылы өз білімдерін балдар негізінде бағалайды. Дж.Ритцер бұл жүйеде оқытушылар үшін қойылатын рейтингтік баға жүйесін енгізуді ұсынады;

3) макдональдизацияланған білім беру стандартталған техникалық бақылау әдісіне бағынуы қажет, яғни студенттер компьютер арқылы тест тапсырып, өзінің білімін бағалайды. Бұл параметр біздің қоғамда коррупция деңгейін төмендетеді;

4) макдональдизацияланған білім беру міндетті түрде студенттің алған білімін қорытындылай отырып, студенттің білімін алдын ала жорамалдауға мүмкіндік береді [7].

Қазіргі кезеңдегі әлеуметтік-мәдени динамиканың тез қарқынмен дамуы білім жүйесінің макдональдизациялануын талап етіп отыр. Мысалы, білім жүйесіндегі макдональдизация бұқараға (для масс) белгілі бір мамандық деңгейінде қысқа уақытта білім алуға мүмкіндік береді. Оған біздің еліміздегі екінші жоғарғы білім алуды, яғни дистанциондық білім алуды, жатқызуға болады.

Осы концепцияның авторы Дж.Ритцер жаһандану процесін макдональдизациямен байланыстыра отырып, макдональдизация әлемде тұрақтылықты және қандайда бір құбылысқа жорамалдылықпен қарауды қамтамасыз етеді дейді. Атап айтсақ, макдональдизациялық практика мықты брендтің негізінде қаланып, оны құрайтын негізгі белгі ретінде капитал, белгілі бір марканың дәрежесі және де корпоративті мәдениет алынады. Мысалы, MacDonalds қоғамдық тамақ саласындағы ең мықты маркалы жүйе болып табылады және қазіргі кезеңде бүкіл әлемге таралған. Ал кез келген оқу орнының символикалық капиталы ретінде қандайда бір мамандықты меңгерудегі эксклюзивті жоғарғы деңгейде білім алып, алған дипломы индивидтің карьера жасауына жол ашуы болып табылады. Жоғары оқу орнының мәртебесі (престиж), оның дипломының жоғарғы деңгейде болуы оқу орнының студенттерге белгілі бір уақытта сапалы білім беріп, стандартты емес білімді меңгертуімен ерекшеленеді. Сондықтан қазіргі кезеңде білім беру жүйесіндегі инновациялық дамуға

бағыт алу және ақпараттық, телекоммуникациялық салаларды көптеп қолдану бүгінгі күннің сұранысы болып отыр.

Қазіргі кезде көптеген мемлекеттердің арасында білімді модернизациялаудың жолдары мен халықаралық ынтымақтастық немесе әріптестіктің даму жолдары жөнінде мәселелер қарастырылуда.

Көптеген ресейлік ғалымдар жоғарғы білім жүйесінің американдық және басқа да англосаксондық мемлекеттердің білім жүйесін қабылдауын дұрыс бағыт емес деп санайды. Атап айтсақ, қазіргі білім жүйесінің әлемдік жүйеге көшуін, яғни орта білім +3/4жыл — бэчелор/бакалавр дәрежесі; +2/3жыл мастер/магистр дәрежесі; +2/4жыл доктор дәрежесі берілуі, тез уақыттың ішінде индивидтің докторлық дәрежеге жетуі кейбір ғалымдарды сақтандырып отыр. Егер бұған дейін қандайда бір ғылыми атаққа жету үшін жылдар қажет болса, ал қазіргі кезде дәрежені аз ғана уақыттың ішінде алуға мүмкіндік бар.

Жалпы, білім берудегі макдональдизацияны қызмет көрсету саласындағы макдональдизациямен салыстырмау керек. Егер бұл ұғым білім беру саласында жоғарыда Дж.Ритцер атап өткен параметрлерге жауап берсе, ал қызмет көрсету салаларында Мак Дональдс тез арада асқа деген немесе басқада қажеттіліктерді қанағаттандыру болып табылады.

Біздің білім беру жүйемізде әлі де болса дәстүрлі білім жүйесі сақталған. Мысалы, лекция, семинар сабақтары толығымен өткізіледі. Неміс университеттерінде лекция мен семинарға қатысудың қатаң есебі жүргізілмейді. Онда сессиялар да жоқ. Келесі курсқа өту үшін студенттің емтиханды қашан тапсыратынын өзі біледі. Тек егер жеке оқу орны болса, дер кезінде оқудың ақшасын төлесе болғаны. Ал Америкада өз азаматтарына білім беру үшін біраз мемлекеттік қаражат жұмсалады екен. 90-шы жылдары білімге жұмсалған қаражаттың көлемі 300 млрд. долл. асады.

Баварияда жоғарғы оқуға түсерде емтихан тапсырылмайды, бірақ оқуға қабылдаудың өзіндік жүйесі бар. Талапкердің орташа бағасының өзі қалап отырған университеттің қандайда бір факультетінің нақты семестрдағы балға сәйкес келуі және оқу процесі дәрістік кезеңмен, сол сияқты дәрістен бос уақыт кезеңі деп бөлінеді, яғни студенттер өздігінен үй тапсырмасын орындаумен (hausarbeit) және емтиханға дайындалумен айналысады [8].

Міне, әрбір елдің білім беру жүйесінде дәстүрлі сол елге тән құрылымы бар. Қазақстан өзінің егемендігін алғаннан кейін тек саяси, экономикалық жүйелерге ғана өзгерістер енгізген жоқ, сол сияқты білім беру жүйесін де көптеген жаңалықтар енуде. Соның бірі — БҰТ орта мектепті бітіруші үшін, МАБ — жоғарғы оқу орнына түскен студенттің екі жылда алған білімінің қорытындысын бағалау, бұл сонымен бірге оқытушының қандай деңгейде студентке білім бергенін көрсетеді.

Сонымен, қорыта айтсақ, адам игілігі, оның қоғамдағы мәдени және рухани жағдайы, экономикалық, ғылыми-техникалық, саяси прогрессивті даму қарқыны білім деңгейі мен оның сапасына байланысты болғандықтан, білім беру қазіргі өркениеттерде басқа әлеуметтік институттардың арасында негізгі орынды алады.

Жаһандану процесінің дамуы кезеңінде білім берудің мақсаты мен білім берудің технологиясына үлкен мән берілуі қажет. Белгілі американдық социолог Даниел Белл мынадай тұжырым айтады, болашақ қоғамда, ол постиндустриалістік қоғам, капиталист табы жойылып, оның орнын жаңа билеуші элита басады. Бұл тап жоғарғы білім деңгейімен, ақпаратты меңгеруімен ерекшеленеді дейді. Постиндустриалді қоғамда индивидтің кәсіби қызметі (профессиональная деятельность) негізгі орын алады. Мұндай өзгерістерді қазіргі кезде дамыған мемлекеттерден байқауға болады және бұл процесс «нарықтық ренессанс» деп аталады. Нарықтық ренессанстың артында нарықтық емес саланың дамуын: әлеуметтік қорғау жүйесі, білім беру, денсаулық, мәдени жүйелердің тұрғандығы және оларда белгілі бір ренессансты қажет етеді.

Білім беру қоғамның белсенді «айнасы» болып табылғандықтан, ол қоғамда не болып жатқандығын көрсетпейді, қоғамдық процестерге қалай ықпал ететіндігін бейнелейді және қазіргі дамыған қоғамда білім адамның тұлғалық ерекшелігін сипаттайтын бірден-бір фактор болып табылады.

Әдебиеттер тізімі

- 1 Нечаев В.Я. Социология образования. — М.: Изд-во МГУ, 1992. — С. 76.
- 2 Зиятдинова Ф.Г. Социальные проблемы образования. — М., 1999. — С. 110.
- 3 Гайко О. Концепция образования: идеологический аспект // Саясат. — 2006. — № 2.
- 4 Қазақстан Республикасында Білім беруді дамытудың 2005–2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы // Орталық Қазақстан. — 2004. — 28 қазан. — 5-б.

- 5 КР Президентінің Қазақстан халқына жолдауы // Егеменді Қазақстан. — 2006. — Наурыз.
 6 Вебер М. Избранные произведения // Прогресс. — 1990. — С. 245.
 7 Филиппов Р.И. Макдональдизированное образование: подходит ли оно для России // Социология образования. — 2009. — № 4. — С. 12.
 8 Томпсон Д.Л., Пристли Л. Социология. — Л., 1998. — С. 67.

К.С.Муслимова

Макдональдизация в образовании как тенденция современности

Рассматриваются основные параметры макдональдизации как современного типа формальной рациональности применительно к образовательным практикам, анализируются его преимущества. Обосновывается вывод о том, что современным потребностям соответствуют отдельные практики образования на основе макдональдизации, но при условии сохранения и развития традиционных образовательных и научных школ на уровне подготовки высококвалифицированных специалистов.

K.S.Muslimova

McDonaldization in education as tendency of modern world

In the article the author analyses the basic characters of McDonaldization as the modern type of formal rationality concerning educational practices, its advantages and disfunctions. The author argues that only some educational practices based on McDonaldization are suitable for the modern needs under the conditions, that traditional educational and scientific schools repairing specialists of high qualification should be preserved.

УДК 658.012.4:316

А.Н.Лежнин

Карагандинский государственный университет им. Е.А.Букетова

Социологическое знание как рыночный продукт

В статье показано, что социологическое знание может превратиться в рыночный продукт. Отмечено, что социологическое знание отвечает критериям и функциям "товара" как маркетинговая категория, однако сталкивается с проблемой спроса на рынке Казахстана, поскольку знание продукта непонятно потребителю и не является ценностью.

Ключевые слова: информационное общество, интеллектуальный продукт, рыночные отношения, социологическое знание, потребитель знаний, экономика знаний

Любая наука развивается посредством своей эмпирической реализации. Под эмпирической реализацией в данной работе понимается применение научного знания на том рынке, в котором оно имеет практическую значимость. В своё время практическая значимость любого научного знания достигается возможностью использовать полученные знания для достижения каких-либо целей, необязательно прикладных. Новые знания могут расширять границы уже существующих теорий, т.е. это знание, делающее возможным получить другое знание (методология). Возможность использования знаний может возникать как в опосредованном, так и в прямом их применении. Одно и то же знание может применяться в индивидуальных повседневных практиках неосознанно, а может применяться на практике и выступать рыночным продуктом. Продажа знаний — это удел информационных обществ.

Изменения в жизни общества, связанные с развитием информационной сферы, привели к появлению концепции информационного общества, полагающей главным фактором развития производство и использование научно-технической и другой информации. Данная концепция является разновидностью теории постиндустриального общества, основу которой заложили З.Бжезинский, Д.Белл, О.Тоффлер [1].